

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА
И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ
02.06.2020ж. №38

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№38 от 02.06.2020г.

**Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің Қазақстан Республикасының
халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының
алдын алу жөніндегі шараларды одан
әрі күшейту туралы қаулыларын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 22 мамырдағы 37-қаулысы және «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 37 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 30 мамырдағы № 38-қаулысын жүзеге асыру үшін және Алматы қаласының аумағында санитариялық-эпидемиологиялық жағдайдың тұрақсыздығына әкеп соқтыруы мүмкін COVID-19 коронавирустық инфекциясымен сырқаттану оқиғасы тіркелуінің жалғасуына байланысты іске асырылатын шектеу іс-шаралары аясында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жеке және заңды тұлғалар, кәсіпкерлік субъектілері ұйымдық-құқықтық нысаны немесе ведомстволық тиістілігіне қарамастан:

1) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауға бағытталған эпидемияға қарсы іс-шаралар ұйымдастыру және жүргізу, сонымен қатар кәсіпорын, мекеме және ұйымдарда карантиндік іс-шараларда одан әрі сақтауды қамтамасыз етсін.

01142

2. Алматы қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы:

1) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 22 мамырдағы 37-қаулысының 33-қосымшасына сәйкес COVID-19-ды жұқтыру тәуекелі жоғары болған адамдарды окшаулауды;

2) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 22 мамырдағы 37-қаулысының 34-қосымшасына сәйкес симптомсыз вирус тасымалдаушы адамдарға медициналық бақылауды және оларды окшаулауды қамтамасыз етуге жағдай жасалынған кезде уйде окшаулауды (үй карантині) қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдары, құқық қорғау және арнайы органдар:

1) көрермендердің қатысуымен мәдени және спорттық іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

2) Алматы қаласының аумағында адамдар көп жиналатын іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;

3) жеке меншік үйлер мен құрылыстарды жаппай корпоративтік және басқа да іс-шараларды өткізу үшін жалға беруге және жалға алуға тыйым салуды;

4) қала сыртындағы және мектеп жанындағы сауықтыру объектілерінің жұмысына тыйым салуды;


5) оқушылардың топтық экскурсиясына тыйым салуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулыны ұйымдық-құқықтық нысаны немесе ведомстволық тиістілігіне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



Ж. БЕКШИН